

Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 519 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 4374 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 49 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облыстық әкімдігінің 01.02.2017 № 49 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3571 болып тіркелген, 2007 жылғы 22 мамырда "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Білім беру гранттарының иегерлері, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім алуға, сондай-ақ, екінші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оку орындан кейінгі білім алу үшін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төлемдердің өзге де түрлерін алушылары болып табылатын мүгедектерді қоспағанда Қостанай облысының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасының оку орындарында

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім (бұдан әрі - білім) алатын мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар (бұдан әрі - мүгедектер) үшін тиісті білім беру ұйымдарында оқытудың нақты құнының төлеммен 100 пайыз мөлшерінде әлеуметтік көмектің (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) қосымша түрі белгіленсін.";

2-1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-1. Қосымша әлеуметтік көмекті алу үшін мүгедектер мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған мүгедек балалар үшін – туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) тұтынушының тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 4) мүгедектің туралы анықтама;
- 5) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді;
- 6) тиісті оқу орнымен берілген мынадай мәліметтері бар құжат:  
тұтынушының бірінші техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алуы туралы;  
білім беру грантының жоқтығы туралы;  
оқу түрі туралы;  
курсын және мамандықтың атауын көрсете отырып, оқу орны туралы;  
тиісті оқу жылына оқу төлемінің мөлшері туралы;
- 7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен тұтынушыға төлемдердің өзге түрлерінің жоқтығын растайтын, тұтынушының тұрғылықты жері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен берілген құжат;
- 8) тұтынушының банктік шотының болуын растайтын құжат;
- 9) тұтынушының занды өкілі өтініш жасаған кезде:  
занды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;  
занды өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат қоса беріледі;
- 10) егер мүгедекпен әлеуметтік көмек тағайындалуына өтініш жасағанға дейін окуға төлем ішінара немесе толық өзінің қаражатынан жасалса, тиісті оқу орнынан жүргізілген төлемді растайтын құжат ұсынылады.

Салыстыру үшін құжаттар көшірмелері мен тұпнұсқаларда ұсынылады, одан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берген күні өтініш берушіге қайтарылады".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он қун еткен соң қолданысқа енгізіледі.

**КЕЛІСІЛДІ**

"Қостанай облысы әкімдігінің  
жұмыспен қамтуды үйлестіру және  
әлеуметтік бағдарламалар басқармасы"  
ММ басшысы

\_\_\_\_\_ Е. Жаулыбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК